



ХҒТАР 11.01.33

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-146-1-22-45>

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын қағидалар

М.Ө. Насимов 

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: nasimov_m@mail.ru)

Аңдатпа. Қоғам мүшелерінің құндылық бағдарларындағы үздіксіз өзгерістер осы процесті зерттеу міндетін қойып отыр. Осы уақытқа дейін саяси ғылымдарда дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын қағидалар әлі де сыни талдаудан өткен жоқ. Сондықтан жаһандану шарттарында туындаған өзгерістер динамикасындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы қатынасты заманауи зерттеулерде анықтау өзекті болып табылады деп санаймыз. Теориялық талдау жүргізілген зерттеуде диалектикалық, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық, дедуктивті және индуктивті талдау әдістері қолданылды. Бұл мақаланың басты мақсаты – дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын қағидаларды саясаттанулық тұрғыда жүйелеу. Мақсатты жүзеге асыру үшін дәстүрлі және инновациялық құндылықтар ұғымдарының мәнін дәйектеу арқылы ұсынылып отырған қағидалардың мағынасын анықтау міндеттерін қойдық. Негізгі қағидалар ретінде іргелендіру, стандарттау, ізгілендіру, демократияландыру және ақпараттандыру алынды. Кіріспе бөлімде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар ұғымдарының негізгі тұжырымдамаларын анықтап, зерттеліп отырған мәселенің тұжырымын, мақсатын және тарихын дәйектедік. Талқылау және нәтижелер бөлігі 5 тармақшаға бөлініп, әр тармақшада ұсынылған қағидалар негіздерін дәлелдедік. Саяси жаңғыру мен үздіксіз саяси реформалар жүріп жатқан қоғамда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қатар өмір сүретін әлеуметтік кеңістік қалыптасады деген қорытындыға келдік.

Түйін сөздер: дәстүрлі және инновациялық құндылықтар, жаһандану, іргелендіру қағидасы, стандарттау қағидасы, ізгілендіру қағидасы, демократияландыру қағидасы, ақпараттандыру қағидасы.

Кіріспе

Жаһанданудың әлеуметтік-саяси салдарын талқылау өзекті саяси пікірталастардың тақырыптық аясын кеңейтті. Қазіргі қоғамдық өмірдің әлеуметтік-саяси және мәдени шарттарының өзгерісін айқындау барысында оның себептері мен факторларын түсіндіру маңызды болып отыр. Бүгінде бұл талқылауларда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар мәселесі ерекше мәнге ие. Жаһандану шарттарындағы әлеуметтік шынайылықтың терең сипаттамаларына назар аудару кездейсоқ емес. Бұл қазіргі жаһандық процестердің әсерінен туындаған дәстүрлі құндылықтардың түбегейлі өзгерістерінің сипатына байланысты деген қорытындыға келеміз.

Осыдан 6 жыл бұрын Монако ханзадасы Лорен Солер елімізде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды біріктіре [1] алатындығын айтқан болатын. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы жылғы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде өз дәстүрлі құндылықтарымызды заманауи мәдениет нормаларымен үйлесімді түрде біріктіру қажеттілігін айтты [2].

Қоғамның базалық негізгі құндылықтары өркениеттер арасындағы өзара іс-қимылдарды пішіндеуге мүмкіндік береді. Бұл тек батыстық технологиялардың, білімнің және демократиялық институттардың қарқынды таралуын ғана емес, қалыптасқан әлемдік тәртіптің тұрақсыздануына әкеледі. Европоцентризм тұжырымдамасын сынға алған ағылшын тарихшысы және мәдениеттанушысы А.Д. Тойнби [3, 239 б.] 1948 жылдың өзінде қазіргі батыстық секулярлы өркениет өзінің кеңеюі барысында дүниежүзілік сипатты иеленгенін және аман қалған барлық басқа өркениеттерді, қарабайыр қоғамды тартқанын айтады. Бүгінгі саяси шынайылыққа қарасақ, дамуы баяу елдердің басым бөлігінің ұлттық байлығына жаһандық экономиканың тетіктері арқылы үстемдік ету жалғасып жатыр. Бұл технологиялық, экономикалық, геосаяси, әлеуметтік-мәдени және демографиялық салалардағы қарқынды өзгерістердің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалын көрсетеді.

Өркениеттердің этномәдени бөлінісі тұжырымдамасының авторы, американдық саясаттанушы С.Ф. Хантингтон өзінің «The clash of civilizations and the remaking of world order» [4] еңбегінде түрлі мәдени және өркениеттік жүйелер арасындағы қайшылықтарды дәйектейді. Жергілікті өркениеттер тұжырымдамасы қағидаларын негізге алған саясаттанушы әлемдік саясаттың негізгі ойыншылары сыртқы мәдени өктемдікке қарсы тұратын, өзінің әлеуметтік және моральдық құндылықтарын бекіткен өркениеттік жүйелер қарсылық танытатынын дәлелдейді. С.Ф. Хантингтонның пікірінше, өзі әлемнің 6 державасы деп тапқан елдер бір-бірінен әлеуметтік-мәдени тәжірибе, өмір-салты мен моральдық құндылықтары сәйкес келген дәстүрлерімен ерекшеленетін бес өркениетті құрайды. Өркениеттер бастапқыда түрлі философиялық нанымдар, іргелі құндылықтар, әлеуметтік байланыстар, әдет-ғұрыптар мен дүниетанымды ұстанды. Уақыт ағымына сәйкес түрлі бастамалар өзгеріске ұшырап отырды.

Өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап жаңғыру ұғымының кейбір түсіндірмелері сыналды және қайта қарала бастады. XX ғасырдың соңына қарай дәстүрлі мәдениеттің батыстық техногенді өркениет тәуелділігіне қарағанда, орталық пен перифериялық

әлеуметтік жүйелер арасындағы қарым-қатынасының күрделі және диалектикалық байланысы айқын көрінді. Бұл қатынастарды анықтайтын үш негізгі қағиданы атауға болады: (1) симбиоз, (2) конфликт, (3) синтез [5, 486-492 бб.]. Аталмыш қағидаларға сәйкес, А.И. Зеленков [6, 35 б.] редакциялығымен жарық көрген түсіндірмелер назарымыздан тыс қалмауы тиіс. Симбиоз ұлттық мәдениет дәстүрлері мен қазіргі батыс мәдениеті арасындағы байланыстың тәуелсіздігі және дербестігі сақталатын өзара әрекеттестік болып табылады. Мұндай симбиоз мысалдарына батыс техникасы мен шығыс өсиетін біріктіру үлгілері, ғылым және адами құндылықтар, рационализм және гуманизм болуы ықтимал. Бұл тұста Батыс дәстүрлі түрде рационалды, ғылыми-техникалық бастаманың, Шығыс моральдық, этикалық және гуманистік қағиданың тасымалдаушысы сипатында әрекет жасайды.

Конфликттік өзара әрекет дәстүршілдік пен этномәдени дербестікке қарсы жаңғыру саналады. Бұл қағида дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қатар әрекеттерін түсіндіретін танымал нұсқаларының бірі болуы да мүмкін. Бейбіт өзгерістерге бағытталған зорлық-зомбылықсыз (сатьяграха) философиясының негізін қалаушы М. Ганди британдық саясат пен мәдениет негізінде жүзеге асқан Батыс өркениетін сынға алады. Оның пайымдауынша, аталмыш өркениеттің шектен тыс материалистік бағыттылығы рухани құндылықтарды ұмыттырады. Адамзат қоғамы тұтыну мен рухсыздыққа табынуға жетелейтін индустрияландырусыз жақсы өмір сүре алады деп есептейді. Шығыс қоғамындағы мәдени өзіндік ерекшеліктерді қолдау осы қоғамдық құрылысты мадақтаудың діни белсенділігімен байланысты екендігін айта кетуіміз қажет. Батыстық өмір-салтындағы жекешілдік, тұтынушылық секілді басқа да келеңсіз әрекеттерді сынау мен айыптау марксизм, фундаментализм және радикализм қағидаларына негізделген. Батыс өркениетіне қатысты пікірлерде табиғат пен адам бір-біріне қарама-қарсы тұрады деген ұғым қалыптасып үлгерген. Ал Шығыс менталитеті үшін адамның білімі мен еркі діни ілімдер қағидаларына бағынады.

Синтезді Батыстан келетін жаңғыру толқынының өзара жанамалануы мен буындалуына сүйенген дамушы елдердің мәдени және әлеуметтік бірегейлігін сақтаудың түрткілері ретінде анықтауға болады. Бұл үдерісте заманауи құндылықтарға тән жаһандық тұтастық дәстүрлердің жаңа шарттарын қалыптастырады. Құндылықтардың өзара әрекеттесуіндегі жаңа бастамалар жаһандану дәуіріндегі ерекшеліктерді айқындайды. Заманауи қоғамдағы түрлі мәдени және өркениеттік құрылымдардың өзара әрекеттесуінің көріністеріне сүйене отырып, дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды әлеуметтік-саяси өлшемде қарастыруға болатындығын көрсетеді.

Жоғарыдағы пікірлерге сәйкес, әр елдегі қоғамның дамуы көптеген факторлармен анықталатындығы белгілі болып отыр. Жаһандану шарттарындағы өзгерістер динамикасында дәстүрлі құндылықтар мен инновациялық міндеттер басымдыққа ие болады. Қазіргі әлемдегі елдер арасындағы ерекшеліктерге қарамастан, зерттеушілер тұжырымдарына сәйкес қоғамның әлеуметтік-саяси шарттарындағы өзгерістер бағыттары мен мазмұнын танытатын 5 қағиданы белгілеуге болады (кесте 1):

Қоғамның әлеуметтік-саяси шарттарындағы өзгерістер бағыттары мен мазмұнын танытатын қағидалар

іргелендіру қағидасы	стандарттау қағидасы
ізгілендіру қағидасы	демократияландыру қағидасы
ақпараттандыру қағидасы	

Ескерту: автор құрастырды

Кестеде көрсетілген қағидалардың дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға да ықпалы бар деп ойлаймыз. Сондықтан біз осы зерттеуімізде қазіргі шарттардағы өзгерістер бағыттары бойынша белгіленген қағидалардың дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға қатысы бар маңызды себептерін көрсетуге тырысамыз.

Біздің авторлық қорытындыларымыз дәлелдеуді қажет ететіндіктен, дәстүрлі және инновациялық құндылық бағдарларының біртұтастығы мен әмбебаптылығын қоғам дамуы түсініктерімен толықтыруға тырысамыз. Осыдан туындаған тұжырымдар әрдайым жаһандық өзгерістер мен жаңғыртуларды түсіндіргенде туындайды. Социализм жетелеген және мызғымас деп белгілеген ескі көзқарастарды бір сәтте капитализм жойып жіберді. Алғашқы кезеңдерде қоғам өзіндік саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени күйзелістерді басынан кешірді. Әрине, бұл кезеңдер артта қалды. Дегенмен, ұжымшылдық, әлеуметтік теңдік, гуманизм, халық пен мемлекет үшін еңбек ету секілді ескі құндылықтар бағдарлары орнына өзге көзқарастар мен басымдықтар келді.

Мәселенің тұжырымы

Нарықтық қатынастар мен дәстүрлерге негізделген қоғамдағы өзгерістер құндылықтар трансформациясына әкелді. Құндылықтар өзгерісі жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси шарттарға бейімделу қажеттігінен туындайды. Құндылықтар өзгерісі қоғамға жат емес тәртіп пен тұрақтылықты қалыптастырады. Қоғам құндылықтары арқылы адам әрекетін реттеуге болады және осы негізде ұлттық қауіпсіздікті нығайта аламыз. Орын алған өзгерістер қоғам мүшелерінің психологиялық ахуалына, көзқарасына, рухани дүниетанымына да әсер етіп, ұлттық түрлену басталады.

Өзгерістер көптеген әлеуметтік ережелердің қоғамдық өмірден және тәжірибеден жойылуына соқтырып, жаңа құндылықтар мен өмір-салты деңгейін халық басшылыққа ала бастайды. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды стандарттарды белгілеуші құбылыс ретінде қарастыруға болады. Бұл белгілеулер қоғам мүшелерінің экономикалық, саяси, әлеуметтік, психологиялық және рухани ахуалы мен дамуын білдіреді. Сондықтан қоғамдағы әлеуметтік-саяси күйреу болған жағдайда құндылық бағдарлары мен көзқарастар дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпал жасайды. Демек, қоғамдағы өзгерістер толық аяқталғаннан кейін азаматтардың өмір-салты қалай боларын ешкім білмейді.

Қоғамда алдағы уақытта болатын өзгерістерді болжау мүмкін емес. Дегенмен, өзгерістер барысында туындаған құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдауға болады. Негізінен дәстүрлі құндылықтар әлеуметтік тәжірибеде іріктеліп, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Дәстүрлі құндылықтар өзгерісі инновациялардың, жаңа құбылыстардың ықпалынан болатын трансформацияның бір түрі. Тұрақтылық қалыптасқан қоғамда өзгерістер өз ретімен ақырындылық (баяулық) танытатын болса, ал белгісіздік орнаған қоғамда өздігінен жоғары жылдамдықпен жүреді.

Үйлесімсіздік қалыптасқан қоғамда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар дәйексіз құбылысқа айналады. Әлеуметтік құндылықтарға негізделген саяси институттарға қоғамдық дамудың тұрақсыздығы табыс әкелмейді. Біздің ойымызша, қоғам мүшелерінің саяси-әлеуметтік, экономикалық ахуалы құндылық бағдарларының ықпалы және қоғамдағы басым қағидаларға сәйкес құрылады. Халық инновациялық құндылықтардың негізгі тасымалдаушылары саналады. Сондықтан қоғамның әлеуметтік дамуының көрсеткіші халықтың ішкі көзқарастары, аксиологиялық бағдарларымен байланысты, дәстүрлі және инновациялық құндылықтар осы негізде өзгерістерге ұшырайды.

Зерттеудің мақсаты

Кез келген қоғамның іргесі, өз негізі болады. Ол құндылықтар белгілеп берген халықтың немесе мемлекеттік саясатқа сүйенетін кеңінен тараған стандарттарға негізделеді. Бұл бағытта қоғамды ізгілендіру арқылы қоғамдық құндылықтарды қалыптастыра аламыз. Халық биліктің жалғыз легитимді қайнар-көзі, қоғам ортақ игіліктер мен мүдделерді жүзеге асыратын қауымдастық болғандықтан, демократиялық қағидаларды саяси жүйе, мәдениет пен күнделікті өмір-салтына енгізу процесі маңызды деп ойлаймыз. Қоғам мүшелерін ақпараттандыру ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану негізінде ұйымдастырылатын әлеуметтік-саяси процеске жатады. Сондықтан дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың жаһандану шарттарындағы өзгеру динамикасын талдау барысында оның терең өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз. Халық санасында жетілу бар екенін де атап өтуімізге болады. Бұл нарықтық қатынастар жүктеген дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы әрекеттестіктің жаңа жағдайларға бейімделумен байланысты. Біздің мақсат – дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын іргелендіру, стандарттау, ізгілендіру, демократияландыру және ақпараттандыру қағидаларын жүйелеу.

Зерттеудің тарихы және әдеби шолу

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар ұғымдары қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда әр кезеңдегі отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Аталмыш ұғымдарды анықтау әр дәуірде оны түсінудегі көзқарастарға байланысты қалыптасты. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың күрделі табиғаты, оны түсіндірудегі

түрлі көзқарастардың бар екендігі анықталып отыр. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар типологиясына қатысты нақты анықтама жоқ.

Кез келген мемлекеттің саясаты, діні, философиясы және поэзиясында көптеген жылдар бойғы қайта бағдарлану дәстүрлі құндылықтарға күмән тудырып отырады [7]. 1969 жылы дәстүрлі құндылықтардың урбанизация және технологияларға ықпалы жөнінде ең алғаш жариялаған мақала авторы М. Micklinнің [8] зерттеуін ерекше атауымызға болады. Бұл еңбек авторы дәстүрлі құндылықтардың әлеуметтік құрылымның өзгерістеріне әкелген кейбір салдарын дәйектейді. Оның пікірінше, өсіп келе жатқан индустрияландыру мен урбанизация азаматтардың жеке құндылық бағдарларына әсер етеді. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, елдегі жаңғыру үрдісіне сәйкес дәстүршілдік өз орнын жылдам жоғалтады және дәстүршілдік дәрежесіндегі ерекшеліктер адамның жасы, білім деңгейі және кәсібіне байланысты өзгереді. Дәстүрлі құндылықтарды өткен ғасырда ең алғаш зерттеген еңбектер арасында оның ислам діні және мемлекеттерімен байланысты екенін байқаймыз. Мәселен, I.R. al Fārūqтың [9] ислам қоғамындағы ғылым және дәстүрлі құндылықтарды айқындаған зерттеуі мен W.G. Millwardтың [10] Ирандағы дәстүрлі құндылықтар мен әлеуметтік өзгерістерді анықтаған мақаласы зерттеліп отырған мәселені айқындауға көмектеседі.

Отандық ғалымдар арасында дәстүрлі құндылықтарды зерттеген көптеген ғалымдарды атауымызға болады. М.А. Уайханова және Н.М. Ушакова [11] зерттеуінде құндылық ұғымы, жіктелуіне шолу жасалып, құндылықтардың төрт тобы анықталады: жалпыадамзаттық, ұлттық, этно-ұлттық және жеке құндылықтар. Аталмыш төрт топ қоғам мүшелерінің дәстүрлі құндылық бағдарларымен байланыстырылады. Ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру үдерісінде білім беру маңызды рөл атқаратындықтан, мемлекеттің ұлттық құндылықтарды мұғалімдер бойына сіңіруге қызығушылығы артып келеді. Р. Төлеубекова және Е. Жұматаеваның [12] зерттеуінде «Этнопедагогика» элективті курсы оқу нәтижесіндегі педагогикалық профильдегі магистранттар арасында қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарына қатысты көзқарас өзгерістері анықталды. Авторлар еліміздегі педагогикалық білім беру мазмұнын ұлттық-мәдени құраммен күшейту қажеттілігі туралы қорытындыға келеді. Ә. Жампетова [13] 18-22 жас аралығындағы жастардың дәстүрлі құндылық бағдарындағы діннің рөлі мен діни сезім деңгейін әлеуметтанулық сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып талдайды. Г. Найзабаева, Ғ. Есім және А. Мұханбет [14] зерттеуінде қазақ қоғамындағы әйелдердің дәстүрлі кәсіптері мен дискурсындағы өзгерістер шарттарындағы дәстүрлі құндылықтардың орны қарастырылады.

Инновациялық құндылықтар дәстүрлі құндылықтарға қарағанда аз зерттелген категория. Бұл түсініктің жаңашылдығымен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, S.A. Nimig және M. Palmerдің [15] 1982 жылы жарық көрген Сауд Арабиясындағы бюрократия және дамудың бихевиористік талдауында аталмыш ұғым қолданылады. Авторлар мәселені талдау барысында бюрократия шарттарындағы инновациялық құндылықтарды топтың қабылдауы, бюрократтардың инновацияға қатынасы және инновациялық мінез-құлықтың дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды.

Отандық ғалымдар инновациялық құндылықтар түсінігін көп қолдана бермейтіндігін байқаймыз. Көбінесе бұл ұғым экономика ғылымдарындағы кейбір мәселелерде және оқытудағы инновациялар жөнінде айтылғанда пайдаланылады. Мәселен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары Б.Н. Исабеков және Л.Қ. Мұхамбетованың «Инновация және кәсіпкерлік» [16] атты оқулығында авторлар инновациялық құндылықтар мәселесіне мән береді. Ал, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымы А.Р. Джандигулов [17] шетелдік ғалымдармен жүргізген коллаборациялық зерттеуінде STEM-білім беруді инновациялық білімнің парадигмасы ретінде атап көрсетеді. Зерттеу экспериментіне қатысқан студенттер де оның инновациялық құндылығын (78%) қолдайды.

Жалпы дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды қатар зерттеген еңбектер өте аз. Мәселен, I. Cohenнің [18] құндылықтарға бағытталған дәстүрлі және инновациялық үлгілерді шоғырландыру мәселесі зерттеуімізге кейбір идеяларды ұсынып отыр. Өйткені қазіргі таңдағы кез келген атқарылатын жұмыс жобаға айналады және оларды жүзеге асыру стратегиялық және тактикалық шешімдердің дәстүрлі және инновациялық үлгілерін назарда ұстайды. Сонымен қатар, отандық ғалымдар Ш.Е. Жаманбалаева, М. Маульшариф және Ш.М. Тленчиева [19, 83 б.] зерттеуінде ЖОО-лардағы бірлескен мәдениетті бақылау дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қарсылығын жоя алатындығы баяндалады.

Социалистік революцияның мақсатын марксистік теоретиктер «болашақ қоғамын» құру және қанаудан азат «жаңа» адамды қалыптастыру деп анықтады. Адамзаттың барлық бұрынғы дамуы тарих бастауы деп аталып, дәстүрлерді сақтау мен реформалау мәселесі мүлдем болған жоқ [20, 27 б.]. Демек, бұл кезеңдегі жаңа қоғам құрудың әдістері таптық күрес, жат құндылықтар, жеке меншік және оған қатысты барлық институттарды жою, барлығын пролетариат диктатурасына толық бағындыруды қолдады. Қоғамды жаңғырту басқыншылық, жазалау әдістері арқылы жаңа абсолютизмді орнатуды, жеке адамды қауымға бағындыруды көздеді. Сондықтан бұл қателіктерді елімізде жүзеге асырылғалы жатқан көптеген саяси реформаларда жібермеу қажет.

Зерттеу әдістері

Мақала күрделі және қайшылықты тұжырымдармен сипатталатын қазіргі жаһандану кезеңіндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын қағидаларды белгілеуге арналған. Автор шетелдік және отандық зерттеулерді талдау негізінде және диалектикалық, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық, дедуктивті және индуктивті әдістердің көмегімен зерттеу қорытындыларына жетті. Заманауи диалектикалық тұжырымдар синтез арқылы туындаған қайшылықтарды шешеді. Диалектика барлық құбылыстарды қозғалыс, мәңгілік өзгеріс процесінде қарастыратындықтан бұл әдіс арқылы автор дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігіндегі өзгерістерді дәйектеді. Салыстырмалы-тарихи әдіс дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың генезисін айқындау арқылы олардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын 5

қағиданы белгіледі. Құрылымдық-функционалдық әдіс дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың азаматтар қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ықпал ететін әрекеттер реттілігі мен өзара байланысын айқындады. Мәселе бойынша теориялар байланысын тексеру және деректер нәтижелерін пайдалану үшін дедуктивті әдіс қолданылды. Бұл әдісті қолдану логикалық дәлелдер құруға және сыни талдауға мүмкіндік берді. Индуктивті әдіс зерттеушілерге тақырып мәнінің кеңдігіне байланысты көптеген салаларды қамтуға көмектесіп, терең түсінуге ықпал жасады. Өйткені бұл әдіс арқылы мәселе құрылымдарының заңдылықтарын табуға бағытталған деректерді жинауға, зерттеуге және талдауға болады.

Талқылау және нәтижелер

Іргелендіру қағидасы

Іргелендіру қоғамның даму деңгейінің тұрақты үрдісі ретінде әрекет етеді. Іргелендірудің қоғам үшін маңызды өлшемдерін түсіну және дамыту қызметтері құбылыстың негізін қалаушы болып табылады. Сондықтан ғылымның ішкі логикасы, өркениет дамуындағы орнына негізделген нәтижелерді құрылымдаудың заманауи қағидаларына сәйкестігі, жеке тұлға қөзқарастарын қалыптастыру және оның өзіндік дамуының зияткерлік негізін жасау қажеттілігі туындап отыр.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды іргелендіруде халықтық фольклор ерекше рөл атқарады. E.S. Hartlandтың айтуы бойынша, «әр халықтың өзіндік дәстүрі, фольклоры болады және ол халықтың ментальдық қасиетін қамтиды» [21, 34 б.]. Мәселені дәстүрлерді іргелендіру тұрғысынан алғанда, өркениет ілгерілеуіндегі даму тарихтың әлеуметтік қолданысы аясында өзгереді. Дәстүр құндылықтары төмен немесе мүлдем жоқ оқшауланған топтар арасында бағаланбауы ықтимал. Сондықтан күрделі болса да, девианттылық иеленген топтарды (қазіргі таңда девианттылық мінез-құлық түрлеріне мыналар жатады: бұзақылық; дөрекілік; арсыздық; желікпелік; автомобиль жолдарындағы даңғойлық пен дөрекілік; қылмыстық іс; сексуалды дәмешілдік; адам зорлау; инцест; педофилия; зоофилия; некрофилия; нашақорлық; ойынқұмарлық; токсикомания; әдепсіз мінез-құлық; жезөкшелік; лаңкестік пен экстремизм; вандализм; адам өлтіру және өзін-өзі өлтіру және т.б.) құндылықтарды бағалауға үйретуіміз керек. Өйткені бұл топ оқу мен жазуды білсе де, олардың жинақтаған тәжірибесі қоғам үшін қауіпті және дәстүрлерді іргелендіруде қиындықтар туғызады.

A. Del Noce [22, 57 б.] «дәстүр» сөзін дұрыс түсінбеудің оңай жолы бар екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, ұғымды тек этимологиялық мағынасында қабылдау арқылы біз оның философиялық тұрғыдағы мағынасының екіұштылығын байқамаймыз. «Дәстүр» ұғымы «табыстау», «тапсыру» түсініктерін береді. Демек, жақсыны да, жаманды да «мұраға» қалдыруға болады. Бұл қоғамның дәстүрге негізделген жағымды немесе жағымсыз құндылықтарын қатар иемдене алмайтындығын көрсетеді. Десек те, құндылық «мұрагерлікпен» келетінін естен шығармаған жөн. Осы пікірлер негізінде құндылық дәстүрлерді іргелендіретінін айтуымызға болады. Сондықтан дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың мағынасын осылайша абсолютті нұсқада түсіндіреміз.

Дәстүрлерді іргелендіру, құндылықтарды қайта қарау мемлекеттік саясат және елдегі ахуалға байланысты екенін аңғаруымызға болады. Мәселен, Ұлы Отан соғысының алғашқы ең қиын екі жылында Кеңестік елдер қоғамында құндылықтарды қайта бағалау, дінге көзқарас өзгере бастады. Кеңестер елінің атеизм саясаты діни төзімділікпен алмасты [23]. Нәтижесінде Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылып, КСРО құлағаннан кейін әр мемлекеттің өз дербес діни басқармалары жұмыстарын жалғастырды. Биліктің бұл қадамы сол кезеңдердегі халықтың діни көзқарастарын түсінуден болуы мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды, кез келген ел дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігін қалыптастыру барысында қоғамдық пікірмен санасып отырады. Бұл әрекет оларға қажетті деп саналатын сананың діни режимдерін енгізу дәстүрінің негізін берді.

Мемлекетте қалыптасуы ықтимал экономикалық дағдарыс кезеңінде елдің болашағы және дәстүрлерді іргелендіру үшін плюралистік даму үлгісін жақтаған дұрыс [24, 448-473 бб.]. Біздің ойымызша, плюралистік даму үлгісі арқылы эволюцияның түрлі парадигмаларынан алынған төрт құрамдас негізінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды іргелендіре аламыз:

- (1) экономикалық өсімге мемлекет тарапынан қамқорлық жасау;
- (2) өсімнің экономикалық және әлеуметтік нәтижелерін әділетті бөлу;
- (3) адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ресурстарды бөлу;
- (4) дәстүрге негізделген мәдени алуандылықты қолдау.

«Модерн» (ең жаңа, қазіргі, сәнді) түсінігінде басым күш пен құндылық ретінде қарастырылатын ХХІ ғасырда ескі және атам заманғы деп қабылданған дәстүрге тереңірек үңілгенде түрлі көзқарастар қалыптасады. Осы тұжырымға сүйенген G. Ögüt Eker [25] өз мақаласында дәстүрді «модерннің» қабылдаудағы орнына мән береді және автор оның адам өмірінің мәнін ұғынудағы орнына күмән келтіреді. Біздің ойымызша, дәстүр мен «модерн» іргелі түсініктеріне негізделген пікірталаста дәстүр адам қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыра алмайды деген пікірге Шығыс қоғамы Батысқа қарағанда қарсылық білдіреді. Бұл Шығыс және Батыс қоғамында дәстүр мен «модернді» түсінудегі ұқсастықтарға қарағанда айырмашылықтар бар екенін білдіреді. Жалпы Батыстың ақыл-ой жүйесі өзінің өткені мен болашағын дәстүрге негіздеуді байлықты құндылық деп санап, іргелендірудің «модерннің» сәйкестендіреді. Аталмыш ұстаным Шығыс қоғамындағы дәстүрлерді қараңғылықтың белгісі ретінде қабылдауға себеп болады.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың бағыттары мен мазмұнын анықтайтын іргелендіру қағидасының сипаттамалары 2 кестеде берілген.

Кесте 2

Іргелендіру қағидасының сипаттамалары

Мәселе	Негізгі сұрақтары
Халықтық фольклор	Девиантты топтарды құндылықтарды бағалауға үйрету
Дәстүр	Құндылық дәстүрлерді іргелендіреді

Мемлекеттік саясат және елдегі ахуал	Қоғамдық пікірмен санасу
Плюралистік даму	Мемлекет тарапынан қамқорлық, әділеттілік, ресурстар және мәдени алуандылық
Модерн	Шығыс және Батыс қоғамындағы ұстанымдар

Ескерту: автор құрастырды

Қоғам мүшелері ойлары арасындағы шалалық пен көмескілік, қоғамдық санадағы екіжақтылық, саяси, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың түбегейлі өзгерістері қоғамды іргелендіруге ықпал жасайды. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы ықпалдастық әр елде болып жатқан әлеуметтік-саяси, экономикалық процестер, әлеуметтену шарттарындағы өзгерістермен байланысты. Өйткені, қоғамда болып жатқан кез келген процесс халықтың құндылық бағдарлары мен идеяларын қайта қарауға себеп туғызады. Іргелендіру либералды және консервативті көзқарастар мен құндылық бағдарларын біріктіретін қоғамның пайда болуына әсер етеді.

Стандарттау қағидасы

Стандарттау мәселесі қоғам мен дәстүр арасындағы қайшылықтардың тереңдей түсуіне байланысты өзекті болып табылады. Дәстүрлі құндылықтар әлеуметтенудің жаңа сатыларына жауап беруі үшін қоғамның өзгермелі шарттарына халықты үйрету міндетін қояды. Барлық өзгерістер бейімделген әлеуметтенуді қамтамасыз етуін анықтау үшін елдердің экономикалық дамуы мен ұлттық тәрбие беру жүйесінің ерекшеліктерін білгенді дұрыс көреміз. Қоғам мен мемлекеттің даму үдерісі, шарттары мен нәтижелеріне жоғары талаптар қоюға ұмтылыс қазіргі әлемге тән құбылыс. Стандарттау түсіндірмелеріндегі мемлекеттің ұлттық даму жүйесіндегі кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, өзгерістердің сапаға жоғары талаптар қоюынан құтыла алмайды. Бұл ретте әрбір ел нақты сапа басымдықтарын белгілейтіндігін және стандарттаудың маңызды қырларын анықтайтындығын ұмытпаған жөн.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар иерархиясындағы мәселелерді шешу қоғамдық құрылым ерекшеліктерімен байланысты. Кейбір мәселелер қайталанып күнделікті түрде нақты анықтала түсе берсе, оны стандарттауды ойлану керек. Әдетте дәстүрлерді стандарттау түрлі операциялық процедуралар мен күрделі аналитикалық үлгілерді қамтитын тәсілдерді пайдаланады [26]. Осылайша, дәстүрлер жаңа, ерекше және күрделенген сайын стандарттаудағы құрылымдау нашарлайды деген қорытындыға келеміз. Құрылымы бұзылған стандарттар орын алған қоғамның деңгейіне байланысты мәселелерді шешудің түрлі процестерін қарастыруы мүмкін. Бұл стандарттау негізінде пайда болған стратегиялық мәселелерді шешудің нормативтік үлгісін жасауды білдіреді.

Кеңестер елінің құлауы шартты түрде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға қатысты жаңа ұстанымдарды қажет ететін нәтижелер алу үшін көптеген зерттеу нысанының қалыптасуына себеп болды [27]. Жалпы коммунистік идеология ыдырап, жаһандану күшейгеннен кейінгі өтпелі кезеңде көп ұғымдарды «америкаландыру» стандарты басталды [28] және көптеген ағылшын тіліндегі сөздердің ұлттық тілдегі

баламасы болса да, жаңа сөздерді күнделікті өмірде, БАҚ материалдарында пайдалану сәнге айналды. Америкаландыру әсіресе инновациялық дәстүрлер стандарттарына енгізілген өзгерістерден айқын көрінгенімен, дәстүрлі құндылықтардан мызғымайтын топтар мұның мазмұндық нұсқауларына күмәнмен қарады. Дәстүрді тәрбиелеудің біртұтас тетігі ретінде қарау әрекеттері назардан тыс қалмады. Қос парадигмалар арасындағы шиеленіс халықтың берік ұлттық бірегейлігі стандарттарына қауіп төндіреді.

Белгілі бір өмірлік жағдайларға көшу арқылы біз ұйымдасқан қарабайыр немесе күрделі қоғамда стандартталған және сақталуы тиіс нормаларды кездестіреміз. Әлеуметтік нормалардың ерекшеліктерінде жеке адамдардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болатын стандартталған әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ережелер, құндылықтар, сән және басқа да мінез-құлық өлшемдері көрініс табады [29, 136-148 бб.]. Кез келген стандартталған нормалар жеке тұлғаның тәжірибесінде түйінді істерге түрткі, кейіннен оның іс-әрекетіне бағдар ретінде қызмет етеді. Бұл әрқашан саналы қызмет түрі болуы міндетті емес, көп жағдайда ол біз білмейтін тиімділікті көрсетеді. Оның тиімділігінің дәлелін нәтижелерден, адамның мінез-құлқынан байқауымызға болады. Күнделікті өмірдің тәртібі негізінен әрбір қоғамдағы стандартталған әлеуметтік нормалармен реттеледі. Өмір сапасы жақсы реттелген және біркелкі жүріп жатқанда, барлық нормалардың әділдігіне күмәнданатын адамдар саны азаяды және билікке қарсы шығатындар көбеймейді. Стандартталған нормаларға қарсы шыққандарға әпенді, даукес, есалаң ретінде күмәнмен қарау басымдық иеленеді. Сондықтан әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде стандартталған әлеуметтік нормаларды қалыптастыру қалыпты жағдай (кесте 3):

Кесте 3

Стандарттау қағидасының сипаттамалары

Мәселе	Негізгі сұрақтары
Операциялық процедуралар мен күрделі аналитикалық үлгілерді қамтитын тәсілдер	Стратегиялық мәселелерді шешудің нормативтік үлгісін жасау
Идеология жеңілісі	Жаңа ұстанымдар стандартталады
«Америкаландыру» стандарты	Ұлттық бірегейлік стандарттарына қауіп төндіреді
Әлеуметтік нормалар	Стандартталған әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ережелер, құндылықтар, сән және басқа да мінез-құлық өлшемдерінде көрінеді

Ескерту: автор құрастырды

Жаһандану процесіндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өмір-салт стандарттарына ықпалы бар екені жасырын емес. Жаһандану қарқындылығы үдей түскен сайын стандарттау да табиғи жолмен жүре бастайды. Бұл процесс ұлттық мемлекеттердің экономикалық байланыстары мен коммуникациясының дамуына негізделген біртұтас

әлемдік құндылықтарды құрайды. Объективті түрде жүргізілген әрекеттер біртұтас стандарттау тәсілін қалыптастырады. Ұлттық бірегейліктің өзегі болып табылатын ана тілін білу, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді, нормалар мен құндылықтарды сақтау арқылы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың стандартталуына себепші бола аламыз.

Демократияландыру қағидасы

Әлеуметтік ілгерілеу парадигмасы постиндустриялық даму мен демократияландыру құндылықтарын жақсарту бағытын белгілейді. Кез келген қоғамды демократияландыру үшін үш негізгі шарт қажет секілді: әлеуметтік әділеттіліктің шынайылығы, дамудың экономикалық тиімділігінің халыққа бағытталуы және сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі. Осы шарттарды жүзеге асыру үшін халық пен билік бірлескен және мүдделі күш-жігерін жұмсауы тиіс. Сондықтан демократиялық мемлекетті құру үшін адам құқықтарын қорғау, азаматтық құрылымдар мен мемлекеттің өзара іс-қимылының жетілген тетіктері бар ашық азаматтық қоғамды дамыту маңызды.

Батыс мәдениеті мен демократиясы туралы кейбір ойлар халықтың жыныстық, жекешілдік, демократия, дәстүрлер және жеке дербестік секілді құндылықтарға қатысты көзқарастарын өзгерістерге ұшыратады [30]. Демократияны ілгерілету «қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін, Америка Құрама Штаттары халықаралық сахнада бұрын-соңды болмаған күшке ие болған тұста үлкен «серпілісті» бастан кешірді [31]. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды демократияландыру қағидасын түсінуде мәселенің идеологиялық, стратегиялық және саяси өлшемдерін анықтайтын өзгерістерді білген абзал. Осы тәсіл негізінде демократияландыруды ілгерілетудің түрткілері мен тәжірибесінің ұлттық бірегейлік, саяси тәртіп, ұлттық мүдделер және халықаралық қатынастарды қалыптастыратынын түсінеміз. Дегенмен, демократияландыруды бөлек саясат саласы ретінде қарап, қоғамдық пікірмен санасуға басымдық берілгені де дұрыс. Қалай болғанда да, демократияландыру қағидасына сай болатын өзгерістер нақты мемлекет басшысына байланысты деп ойлау қате пікір. Бұл процесс тек қоғамдық пікірмен санасумен қатар, сыртқы саясаттағы халықаралық қатынастар өзгерістерін қамтиды.

КСРО құлағаннан кейін тәуелсіздік алған елдер мемлекеттің құқықтық базасы мен әкімшілік құрылымдарын бірнеше рет өзгертті [32]. Демократиялық емес құқықтық база мен шектеулер қоғамның жасырын наразылығын тудыруы ықтимал. Осы ахуалды кезінде Кеңестер елінің жоғары басшылығы ескермеді. Одақтас елдердің әр тұрғыны өзінің ұлттық дәстүрлі құндылықтарын тиімді пайдалануға болатынын түсінді және ұлт мұрасын қорғауға қатысты шектеулер олардың құқықтарына қайшы келетінін білді. Әрине, әр халықтың мәдени мұра нысандарын сақтауға жергілікті билік қаржы бөліп отырды, дегенмен орталық елдерде қалыптасқан ұлттық мәселелерге мән бермеуге тырысты. Сондықтан ұзақ демократиялық дәстүрлері бар елдер мәдени мұраны сақтау және әлеуметтік әділеттілікке қайшы келмейтін бастамаларды ынталандырады және қорғау мен ұтымды пайдалану жолдарын іздейді. Кеңестер еліне демократияландыру қағидасы таңсық болғандықтан көптеген мәселелер көп қырлылығымен және түсініксіздігімен танылды. Бұл демократияландыру тұрақты жүріп жатқан елдерде өзгерістер мен ілгерілеу үнемі жүзеге асатындығын білдіреді. Демократияландыру барысында мемлекетте тек шынайы әлеуметтік әділеттілік қағидалары сақталуы тиіс.

Жаһандануға кейбір мемлекеттер қарсылық танытқанымен, бұл процесті жеңуге кез келген мемлекеттің қауқары жетпейтіні анық. Мәселен, дамыған Оңтүстік Кореяның өзі жаһанданудың қоғамның ұлттық бірегейлігі, еңбек нарығы, демократияландыру процесі, дәстүрлер мен әлеуметтік саясатқа кері ықпалын біліп отыр. Ғалымдардың пайымдауынша, жаһанданумен күрес барысында әлеуметтік бірігу қажет [33]. Барлық әлем елдері өзге мемлекеттерге ашық саясат ұстанғанымен, өздерінің ұлттық бірегейлігін сақтау қажеттілігін ескеретін қоғамға ерекше назар аударады. Сондай-ақ заманауи күрделі қоғамдағы түрлі мүдделерден туындайтын қақтығыстармен күресуге мән беріледі. Әр елдің үкіметі халықтың лайықты өмір сүруі үшін қажетті байыпты әрекеттер жасау арқылы оң нәтижелерге жете алады. Қоғамның әлеуметтік бірігуі процесінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды демократияландыру маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік теңсіздік азайып, таптық қайшылықтар төмендеген тұста ғана біртұтас әлеуметтік бірігу жүзеге асатындығын түсінуіміз керек. Осы ретте демократияландыру қағидасының сипаттамаларын 4 кестеде көрсетеміз:

Кесте 4

Демократияландыру қағидасының сипаттамалары

Мәселе	Негізгі сұрақтары
Батыс мәдениеті мен демократиясы	Индивидуализм құндылықтары
Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы	Демократияландырудың идеологиялық, стратегиялық және саяси өлшемдеріндегі өзгерістер
Мемлекеттің құқықтық базасы мен әкімшілік құрылымдары	Шынайы әлеуметтік әділеттілік қағидаларының сақталуы
Жаһанданумен күрес	Қоғамдағы әлеуметтік бірігу

Ескерту: автор құрастырды

Демократияландыру құндылық және үрдіс ретінде қоғамды жаңғыртуға байланысты көптеген өзгерістерді айқындайды. Бұл ретте демократияландыру процесінің түрлі түсіндірмелері негізінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- (1) қоғамның барлық мүшелері үшін тең мүмкіндіктер;
- (2) жалпы жұртшылықты мемлекеттік басқару жүйесін бақылауға тарту;
- (3) мемлекеттік органдардың ашықтығы;
- (4) жеке тұлғаның даму мүдделеріне мемлекеттің басымдық беруі;

(5) жеке тұлғаның мүдделеріне негізделген ізгілендіру. Жалпы демократияландыру идеяларының мәні демократиялық құндылықтарды үйрену, халықты демократиялық қоғамда өмір сүруге бейімдеумен байланыстырамыз.

Ізгілендіру қағидасы

Ізгілендіру де қоғам дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Ізгілендіру адам болмысын түзеу процесі болғандықтан, мұнда адамның әлеуметтену процесі жүреді. Біздің ойымызша, ізгілендіру адам баласының дәстүрлі және инновациялық құндылықтарының негізгі қайнар көзі және оның негізінде қоғам мүшелерінің дүниетанымы қалыптасады. Гуманистік құндылықтар арқылы адам қоғам нормалары мен ережелерін игереді. Ізгілендіру адамның өзін-өзі тануы және айқындауы үшін тиімді ресурс. Демек, ізгілендіру жеке тұлғаның қалыптасуындағы негізгі алғышарттардың бірі.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды ізгілендіру әлеуметтік-мәдени және рухани құрамдастар ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық бірегейлікті сезіну мәселесімен қатар жүзеге асырылуы керек. Қоғамды, мемлекетті және жеке адамды ізгілендіру барысында өркениет дамуының жаһандық үрдістері де ескерілуі тиіс [34]. Бұл тұста зиялы қауымның қоғамды ізгілендіру барысындағы фанатиктік және ұятсыз әрекеттерін тоқтату ұсынылады. I. Šarčević [35] өз зерттеуінде зиялы қауым кімдер және олар қоғамға қаншалықты қажет деген сұраққа жауап іздейді. Ғалымның пікірінше, шегі жоқ зиялылар, қоғам қайраткерлері қазіргі идеологиялардың, фанатиктік діни ағымдар мен арсыз саясаттың деструктивті режимдерін құруға және қолдауға өз үлестерін қосты. Бұрынғы социалистік елдерде зиялы қауым көбінесе белсенді гуманистер, бостандықтың басты тасымалдаушылары, диссиденттер мен зардап шегушілер болды. Зиялы қауым саясаткерлермен қатар қоғамды ізгілендіру жолындағы ең күшті тосқауыл құра білді. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл тосқауыл зиялы қауымның адамгершілікті жоққа шығаруы, саясаттан моральды тыс қарауы, өзін-өзі сынаудан бас тарту, азаматтық батылдық пен сенім өлшемінің жоқтығынан көрінді. Сондықтан зиялы қауым деп аталып жүрген топ өкілдерінің қоғамды ізгілендіру жолындағы рөлінің даулы екендігін түсінеміз. Сонымен қатар, зиялы қауымның әлеуметтік белсенділігінің мақсаты мен міндеттеріне терең үңіліп, әрекеттерінде жеке пайда көзделмейтіндігіне көз жеткізген дұрыс. Зиялы қауымның саясат пен билікке көзқарасы, саясатқа араласуына ерекше мән бере отырып, қоғам өміріне сыншылдық, біліктілік пен адамгершілікті қайтарудың қажеттілігі бар екені байқалып отыр. Мәселен, біздің қоғам мүшелері арасында депутаттардың сайлауға дейінгі және кейінгі әрекеттері көп сынанып жатады. Ізгілендіру аясында қоғамдық игіліктер үшін жауапкершілік қағидасы бекітіліп, оның өлшемі мен шегі әрбір адамның қадір-қасиетін құрметтеу және қорғаумен байланыстылығын түсінген абзал.

Техникалық прогресс және жаңа технологиялардың қоғамдық өмірдің түрлі салаларына қарқынды енуі шарттарындағы қоғам мен дәстүрлерді ізгілендіру процесінің дамуы жаңа үрдістерге қатысты өзекті мәселелерді туындатады. В.В. Лещинская [36] өз мақаласында қоғамды ізгілендіру, мәдениеттің жаңа түрлері, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және «адам-табиғат» өзара әрекеттесуін үйлестіру қажеттілігімен қайшылыққа түскен құндылықтар басымдылығын қарастырады. Мәселе азаматтардың рухани дүниетанымы бөлігіндегі дағдарыстың күшеюі және техникалық прогрестің қоғамдық дамудағы орны мен рөліне жаңаша көзқараспен қарау қажеттілігіне байланысты өзекті болып табылады. Бұл тұста біз жаңа технологиялардың дәстүрлі

және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігіндегі түрлі үрдістермен байланысы туралы айтып отырмыз. Сондықтан өзара әрекеттестіктің қалыптасуы қоғамды ізгілендіру процесі барысында жүзеге асады деуімізге негіз бар.

С. Алымов [37] мақаласында өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы кеңестік философтар мен экономистердің Кеңес адамдарының тұлғасы туралы көзқарастары қарастырылады. Автор консервативті және либералдық көзқарастағы философтардың дамыған социализмнің мәні туралы көзқарастарын талдайды. А.П. Бутенко, А.С. Ципко секілді реформаторлар қоғамды ізгілендіруді тұтынудың өсуі және жеке тұлғаның дамуымен байланыстырған және қазіргі қоғам мен экономикадағы маңызының артуына ерекше мән берген. Ортодоксалды көзқарастағы Р.И. Косолапов болса К. Маркс ұсынған адамның жалпы болмысы анықтамасына жүгінген. Кеңес адамының бейнесін жасаған Г.Л. Смирнов оларға өнеркәсіп қызметкері сипаттамасын береді. Байқап отырғанымыздай, социализм тұсындағы әлеуметтік ой кеңестік қоғам мен адамның дамуы туралы түрлі көзқарастар білдіруге мүмкіндіктер берді. Қоғам мен дәстүрлерді ізгілендіру кез келген саяси жүйе қағидаларын жеңу арқылы жүзеге асатындығы байқалып отыр. Ізгілендіру көзқарастарының қоғам идеяларымен сәйкес келуі керек секілді. Бұл ретте қоғамдық даму қарқынының бәсеңдеуі және дағдарыстар дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды ізгілендіруге кедергі жасайды. Ізгілендіру қағидасының сипаттамалары 5 кестеде айқындалады:

Кесте 5

Ізгілендіру қағидасының сипаттамалары

Мәселе	Негізгі сұрақтары
Әлеуметтік-мәдени және рухани құрамдастар	Жаһандық үрдістер
Зиялы қауымның қоғамды ізгілендіруі	Фанатиктік және ұятсыз әрекеттерге жол бермеу
Техникалық прогресс және жаңа технологиялар	Жаңа құндылықтарды қалыптастырады
Көзқарастары әр түрлі тұлғалар	Ұстанымдарды қоғам идеяларымен сәйкестендіру

Ескерту: автор құрастырды

Ақпараттандыру қағидасы

Қоғам дамуының маңызды өзгерістері мен оның құндылықтар туғызушы тетіктері жаһандықкеңістікқалыптастырған ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен де тікелей байланысты. Бүгінгі таңдағы жаппай ақпараттандыру қоғамның барлық құрамдас бөліктерін өзгеріске ұшыратуда және құндылықтардың қызмет ету түрлері мен қағидаларын жаңғыртты. Қоғамды ақпараттандыру мен ізгілендірудің бірлескен қатарын атай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен әлеуметтік өзгерістердің бірге жүріп жатқанын байқаймыз [38]. Саясат, экономика, әлеуметтік

сала және қоғамдағы стратификациялау процестері, тұлғаның әлеуметтенуі, отбасы, білім, тәрбие, ұлттық идеология мен менталитет, этномәдени дәстүрлер, нормативтік жүйелер мен институттар, қоғамдық сана мен мінез-құлық, әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың өмірлік ұстанымдары ақпараттық технологиялар арқылы дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпалы ауқымын жоғарылатып жіберді.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамды ақпараттандырудың арқасында адам қызметінің барлық салаларында күрделі және жоғары технологиялық құрылғылар енгізіліп, соңғы технологиялар белсенді түрде жетілдірілуде [39]. Сондықтан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды адамзаттың барлық қызметінде пайдалану мәселелерін қарастырғанды жөн санаймыз. Әсіресе, дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды ақпараттық заманда қолдану ерекшеліктерін түсіндіруді зерттеу өзекті. Бүгінгі таңда ақпараттық ағынның артуы байқалады және бұл ахуал кейбір әрекеттерде дәстүрлі әдістерді қолдануды іс жүзінде мүмкін еместігін көрсетеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қазіргі заманғы қызметінің рөлін қарастыру және талдау арқылы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың даму қағидалары, тұжырымдамалары, шарттары мен факторларын анықтауға мүмкіндік бар. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқасында қызмет түрлерінің уақыты айтарлықтай жеделдеді, кез келген мәліметтерді жылдам және тиімді табуға мүмкіндік туды.

Қоғамды ақпараттандыру үшін ең алдымен азаматтардың ақпараттық сауаттылығына мән берілуі қажет деп ойлаймыз [40]. Ақпараттық сауаттылық ақпарат кеңістігіндегі мәліметтерді сенімділікпен және түсінікпен шарлауға мүмкіндік беретін дағдыларды жиынтықтайды. Ақпаратты көптеген платформалар мен дерек көздерінен оңай алуға болатын заманда деректерді табу, бағалау және тиімді пайдалану мүмкіндігі басты орынға шықты. Сауаттылықтың бұл түрі жай ғана ақпаратты табумен шектелмей, оның негізділігін, өзектілігін және сенімділігін дәйектеу үшін қажет сыни ойлау, сараптама жүргізу мен технологиялық дағдыларды қамтиды. Осы қабілеттерді шыңдаған азаматтар нақты шешімдер қабылдап, қоғам өміріне белсенді түрде қатыса алады. Жаһандық ақпараттық кеңістіктегі мәліметтер ақша, әлеуметтік ықпал секілді негізгі тауарға айналған және осы ортада өмір сүру үшін мәліметтерді тұтыну мен пайдаланудың тактикасы болғаны жөн. Беріліп жатқан ақпарат дерек көзінің беделі, дәлдігі және өзектілігін бағалау секілді сауаттылықтың сыни әдістерін меңгермеу өзге азаматтардың пікірлерін қабылдауға себеп болады және көптеген мынадай келеңсіз ахуалдар туындатады: балалар оқуының нашарлауы себеп болған төмен баға; қызметті пайдаланатын клиенттерді жоғалту; электронды поштаңызға, мессенджерлерге келетін спамдар «торына» түсу, алаяқтық мақсатымен жасалған шабуылдарға алдану; тақырып бойынша маңызды мәліметтер туралы бейхабарлық; ақылға емес, эмоцияларға сүйенген шешімдер қабылдау; жалған жаңалықтарды шынайы жаңалықтармен шатастыру. Демек, мәліметтерді стратегиялық зерттеулер жүргізу арқылы қабылданатын шешімдер ақпараттандырудың негізгі қайнар-көзі болып табылады. Ақпараттандыру қағидасының сипаттамалары 6 кестеде көрсетілген:

Ақпараттандыру қағидасының сипаттамалары

Мәселе	Негізгі сұрақтары
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Әлеуметтік өзгерістермен қатар жүреді
Жаңа ақпараттық технологиялар	Дәстүрлі әдістерді қолданудың шектелуі
Ақпараттық сауаттылық	Сыни әдістерді меңгеру

Ескерту: автор құрастырды

Қорыта айтқанда, ақпараттандыру дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолдауы негізінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар объективтеледі. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар табиғатын сыни тұрғыдан талқылау арқылы ақпараттандыру процесінің мағынасын айқындай аламыз. Мұны түсіну ақпараттандыруды басқарудың заманауи тәсілдерін білумен негізделеді. Бұл үшін болып жатқан процестердің өзара байланысын түсіндіретін жүйелі көзқарасқажет. Көптеген адамдар киберкеңістікпен жаңа технологиялар көмегін белсенді пайдаланғанымен, әрекеттерінде пассивтілік бар екенін байқай бермейді. Өйткені кез келген адам Интернеттен немесе онлайн сауда жасау барысында пайдаланатын қосымшалардан бәрін таба алады. Мұны азаматтар ойлау мен пайымдау шеңберінде өз білімін емес, Интернеттен алынған мәліметтерді пайдалануға тырысатындығынан байқауға болады. Сондықтан ақпараттандыру дәуірінің өз жағымсыз жақтары бар екенін ескеруіміз қажет.

Қорытынды

Дәстүрлер мен инновацияларды қоғам дамуының факторлары ретінде анықтай отырып, біз қазіргі қоғамдағы маңызды өзгерістерді айқындайтын негізгі үрдістер мен құндылықтар қатарына іргелендіру, стандарттау, ізгілендіру, демократияландыру және ақпараттандыруды жатқызамыз. Өз кезегінде, іргелендіру мен ізгілендіру дәстүрлі үрдістерге сәйкес әрекет етеді, ақпараттандыру мен стандарттау инновациялық үрдістерді ұстанады, ал демократияландыру дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды біріктіреді деп ойлаймыз.

Жаһандық шарттардан туындайтын кейбір дағдарыстар қаупін сезіну азаматтардың дәстүрлі құндылықтар мен адамның әлемдегі рөлі туралы тұжырымдарды қайта қарауға себеп болды. Білім экономикасының қарқынды дамуы, азаматтардың саяси қатысу деңгейінің артуы, жаңа медиа қолданушыларының қоғамның барлық мәселелеріне үн қосуы қоғамдық сана, дүниетаным мен өмір-салт өзгерістеріне ықпал жасады.

Қазақстан қоғамының жаңғыруы жағдайында дәстүрлі құндылық қағидаларына негізделген мәдениет пен инновациялық жаңғыру мәдениетіне сүйенетін құндылық

негіздері арасындағы қарама-қайшылық жоғары деңгейде емес деуімізге негіз бар. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды жинақтаған қазіргі қоғамдағы әдет-ғұрыптардың дамуы және жаңашылдықпен енгізілген құбылыстар әлеуметтің бейімделуінің нәтижесі саналады.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша маңызды болып табылатын бірнеше тұжырымдардың негіздеуге болады. Біріншіден, дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың мәні, олардың бір-бірінен айырмашылығы түрлі әлеуметтік топтар мүшелері әрекетінен байқауға болады. Екіншіден, әлеуметтік әрекеттер ырғағы мен кезеңділігі, ауқымы мен қызметтері түрлі топтарда өзіндік ерекшеліктері болатындықтан, дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды түсіну әркелкі болуы мүмкін. Үшіншіден, қоғамдағы ішкі жіктелістің тереңдігі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар туралы түсініктер сипаттамаларын ретке келтіреді. Сондықтан қоғамда шартты ұғымдар кеңінен қолданылады. Демек, дәстүрлі құндылықтарға бағдарланған және эволюциялық өзгерістерді қалайтын қоғам мүшелерінің едәуір бөлігі мемлекет тарапынан қажетті әлеуметтік кепілдіктердің сақталуын қалайды. Бұл инновациялық өмір-салт нормалары мен құндылықтарын меңгеруге қабілеттілікті арттырады.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19577138.

Әдебиеттер тізімі

1. Казахстан – страна, которая может объединять традиционные и инновационные вещи (ценности), - Камергер Альбера II. [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: https://mangystaumedia.kz/ru/obshtestvo/ekspo-2017_/91285. (дата обращения: 19.12.2022).
2. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на втором заседании Национального курултая «Әділетті Қазақстан – Адал азамат». [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-vtorom-zasedanii-nacionalnogo-kurultayaadiletti-kazakstan-adal-azamat-175233>. (дата обращения: 20.06.2023).
3. Toynbee A.J. Civilization on trial / A.J. Toynbee. - New York: Oxford University Press, 1948. – 263 p.
4. Huntington S.P. The clash of civilizations and the remaking of world order / S.P. Huntington. - New York: Simon & Schuster, 1996. - 368 p.
5. Ерасов Б.С. Сравнительное изучение цивилизаций. - М., 1998. - 536 с.
6. Философия устойчивого развития и социальная экология / Под ред. А.И. Зеленкова. – Минск: БГУ, 2015. – 200 с.
7. Silz W. Problems of weltanschauung in the works of Annette von Droste-Hülshoff // PMLA. – 1949. - №64(4). - P. 678-700.
8. Micklin M. Urbanization, technology, and traditional values in Guatemala: Some consequences of a changing social structure // Social Forces. – 1969. – 47(4). – P. 438-446.

9. Al Fārūq I.R. Science and traditional values in islamic society // *Zygon*. – 1967. – 2(3). – P. 231-246.
10. Millward W.G. Traditional values and social change in Iran // *Iranian Studies*. - 1971. –4(1). – P. 2-35.
11. Uaikhanova M.A., Ushakova N.M. Value orientations of a modern school teacher of the Republic of Kazakhstan // *Man in India*. – 2017. - №97(25). – P. 285-301.
12. Toleubekova R., Zhumataeva E. The role of ethnopedagogy in shaping positive attitudes towards traditional values of Kazakh people among master’s students majoring in education in Kazakhstan // *Problems of Education in the 21st Century*. - 2018. –76(6). - P. 834-846.
13. Zhampetova A. Religion in the axiological structure of kazakhstani youth // *Central Asia and the Caucasus*. – 2021. – №22(3). - P. 180-196.
14. Naizabayeva G., Garifolla Y., Mukhanbet A. Changes in the traditional occupations and discourse of women: new element of human capital in redesigned Kazakh society // *Journal of Ethnic and Cultural Studies*. – 2022. – №9(4). - P. 55-69.
15. Nimir S.A., Palmer M. Bureaucracy and development in Saudi Arabia: A behavioural analysis // *Public Administration and Development*. – 1982. – №2(2). - P. 93-104.
16. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. - Астана, 2017. – 624 б.
17. Fang M., Jandigulov A., Snezhko Z., Volkov L., Dudnik O. New technologies in educational solutions in the field of STEM: The use of online communication services to manage teamwork in project-based learning activities // *International Journal of Emerging Technologies in Learning*. – 2021. – №16(24). - P. 4-22.
18. Cohen I. Integrating traditional and innovative value-focused models // *Journal of Modern Project Management*. – 2015. – №2(3). - P. 76-85.
19. Жаманбалаева Ш.Е., Маульшариф М., Тленчиева Ш.М. Классикалық университетті зерттеу типтегі ЖОО-на өзгертудегі университеттің корпоративтік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы // ПМУ хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. – 2016. - №1. - 82-93 б.
20. Воронина О.А. Гендерная культура в России: традиции и новации. - М.: ИФ РАН, 2018. - 111 с.
21. Hartland E.S. The science of fairy tales: An inquiry into fairy mythology / E.S. Hartland. - London: Walter Scott, 1891. – 372 p.
22. Del Noce A. The Crisis of Modernity (from now on TCM) / A. Del Noce. - Montreal: McGill-Queen’s University Press, 2015. - 336 p.
23. Эксперты МИЦА об истоках духовных уз братства Узбекистана и Саудовской Аравии. [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: https://dunyo.info/ru/site/inner/eksperti_mitsa_ob_istokah_duhovnih_uz_bratstva_uzbekistana_i_saudovskoy_aravii-ТмУ. (дата обращения: 20.02.2023).
24. Wilber C.K., Dutt A.K. New directions in development ethics: Essays in honor of Denis Goulet / C.K. Wilber, A.K. Dutt. - Notre Dame: University of Notre Dame Press, 2010. – 512 p.
25. Öğüt Eker G. Modern Hayatin yeniden kurgulanan gelenekleri hollanda Queen’s day festivali // *Milli Folklor*. – 2016. - №111. - P. 136-148.
26. Brightman H.J. Differences in ill-structured problem solving along the organizational hierarchy // *Decision Sciences*. – 1978. – №9(1). - P. 1-18.
27. Насимов М.Ө. Ұлттық құрылыстың мәні және негізгі түсініктері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2023. - №2(143). – 70-81 б.

28. Kušić S., Vrcelj S. In search for the pedagogy (studies) identity: The Croatian context // *Sodobna Pedagogika/Journal of Contemporary Educational Studies*. – 2017. –68(1). - P. 126-142.
29. Sherif M. *Social interaction: Process and products* / M. Sherif. – London: Routledge, 2017. – 512 p.
30. Chan K.-B., Vivien Chan W.-W. *Return migrants in Hong Kong, Singapore and Israel: Choices, stresses and coping* / K.-B. Chan, W.-W. Vivien Chan. - Springer Cham, 2022. – 201 p.
31. Bouchet N. The democracy tradition in US foreign policy and the Obama presidency // *International Affairs*. – 2013. –89(1). - P. 31-51.
32. Bučas J. Democracy outbreaks in heritage preservation // *Town Planning and Architecture*. – 2006. – №30(3). - P. 143-158.
33. Yun-Shik C., Seok H.-H., Baker D.L. *Korea confronts globalization* / C. Yun-Shik, H.-H. Seok, D.L. Baker. - Routledge Taylor & Francis Group, 2008. – 278 p.
34. Egorychev A.M. National spiritual traditions in the formation of the Russian system of education // *Russian Education and Society*. – 2011. – №53(5). - P. 12-22.
35. Šarčević I. *Intelektualac između fanatizma i cinizma* // *Filozofska Istrazivanja*. – 2016. – №36(2). - P. 289-309.
36. Лещинская В.В. Технологический прогресс и проблема гуманизации общества // *Вопросы философии*. - 2017. - №10. - С. 199-205.
37. Алымов С. Активизация «человеческого фактора»: «застойные» корни неолиберальной субъективности? // *Антропологический форум*. – 2018. - №37. – С. 54-92.
38. Bradley G.E. *The good ICT society: From theory to actions* / G.E. Bradley. - London: Routledge, 2017. – 154 p.
39. Kornev A.V., Lipen' S.V., Zenin S., Tanimov O.V., Glazunov O.N. Information and communication technologies in the main types of legal activity // *Relacoes Internacionais no Mundo Atual*. – 2022. – №4(37). - P. 654-668.
40. Cañedo Andalia R. Virtual center for medical learning and research // *Revista Cubana de Informacion en Ciencias de la Salud*. – 2014. – №25(2). - P. 220-233.

References

1. Kazakhstan – strana, kotoraja mozhet obedinjat' tradicionnyye i innovacionnyye veshhi (cennosti), - Kameron Al'bera II [Kazakhstan is a country that can unite traditional and innovative things (values), - Chamberlain Albert II.]. Available at: https://mangystaumedial.kz/ru/obshtestvo/ekspo-2017_/91285. (Accessed 19.12.2022). [in Russian]
2. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva na vtorom zasedanii Nacional'nogo kurultaja «Adiletta Qazaqstan – Adal azamat» [Speech by the Head of State Kassym-Zhomart Tokayev at the second meeting of the National Kurultai “Adiletta Kazakhstan - Adal Azamat”]. Available at: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-vtorom-zasedanii-nacionalnogo-kurultayaadiletta-kazakstan-adal-azamat-175233>. (Accessed: 20.06.2023). [in Russian]
3. Toynbee A.J. *Civilization on trial*, (Oxford University Press, New York, 1948, 263 p.).
4. Huntington S.P. *The clash of civilizations and the remaking of world order*, (Simon & Schuster, New York, 1996, 368 p.).

5. Erasov B.S. Sravnitel'noe izuchenie civilizacij [Comparative study of civilizations] (Moscow, 1998, 536 p.) [in Russian]
6. Filosofija ustojchivogo razvitija i social'naja jekologija [Philosophy of sustainable development and social ecology], Edited by A.I. Zelenkov (BSU, Minsk, 2015, 200 p.). [in Russian]
7. Silz W. Problems of weltanschauung in the works of Annette von Droste-Hülshoff, PMLA, 64(4), 678-700 (1949).
8. Micklin M. Urbanization, technology, and traditional values in guatemala: Some consequences of achanging social structure, Social Forces, 47(4), 438-446 (1969).
9. Al Fārūq I.R. Science and traditional values in islamic society, Zygon, 2(3), 231-246 (1967).
10. Millward W.G. Traditional values and social change in Iran, Iranian Studies, 4(1), 2-35 (1971).
11. Uaikhanova M.A., Ushakova N.M. Value orientations of a modern school teacher of the Republic of Kazakhstan, Man in India, 97(25), 285-301 (2017).
12. Toleubekova R., Zhumataeva E. The role of ethnopedagogy in shaping positive attitudes towards traditional values of Kazakh people among master's students majoring in education in Kazakhstan, Problems of Education in the 21st Century, 76(6), 834-846 (2018).
13. Zhampetova A. Religion in the axiological structure of kazakhstani youth, Central Asia and the Caucasus, 22(3), 180-196 (2021).
14. Naizabayeva G., Garifolla Y., Mukhanbet A. Changes in the traditional occupations and discourse of women: new element of human capital in redesigned Kazakh society, Journal of Ethnic and Cultural Studies, 9(4), 55-69 (2022).
15. Nimir S.A., Palmer M. Bureaucracy and development in Saudi Arabia: A behavioural analysis, Public Administration and Development, 2(2), 93-104 (1982).
16. Isabekov B.N., Mukhambetova L.K. Innovacija zhane kasipkerlik [Innovation and entrepreneurship] (Astana, 2017, 624 p.) [in Kazakh]
17. Fang M., Jandigulov A., Snezhko Z., Volkov L., Dudnik O. New technologies in educational solutions in the field of STEM: The use of online communication services to manage teamwork in project-based learning activities, International Journal of Emerging Technologies in Learning, 16(24), 4-22 (2021).
18. Cohen I. Integrating traditional and innovative value-focused models, Journal of Modern Project Management, 2(3), 76-85 (2015).
19. Zhamanbalaeva Sh.E., Maulsharif M., Tlenchieva Sh.M. Klassikalyq universiteti zertteu tiptegi ZhOO-na ozgertudegi universitetin korporativtik madenietin qalyptastyrudyn manyzdylygy [The importance of corporate culture in classical universities in the stage of their transformation into a research university], PMU habarshysy. Gumanitarlyq serijasy [Herald of PSU. Humanitarian series], 1, 82-93 (2016). [in Kazakh]
20. Voronina O.A. Gendernaja kul'tura v Rossii: tradicii i novacii [Gender culture in Russia: Traditions and innovations] (IP RAS, Moscow, 2018, 111 p.). [in Russian]
21. Hartland E.S. The science of fairy tales: An inquiry into fairy mythology, (Walter Scott, London, 1891, 372 p.).
22. el Noce A. The Crisis of Modernity (from now on TCM) (McGill-Queen's University Press, Montreal, 2015, 336 p.).
23. Jeksperty MICA ob istokah duhovnyh uz bratstva Uzbekistana i Saudovskoj Aravii [UICA experts on the origins of the spiritual ties of the brotherhood of Uzbekistan and Saudi Arabia]. Available at:

https://dunyo.info/ru/site/inner/eksperti_mitsa_ob_istokah_duhovnih_uz_bratstva_uzbekistana_i_saudovskoy_aravii-TmU. (Accessed: 20.02.2023). [in Russian]

24. Wilber C.K., Dutt A.K. New directions in development ethics: Essays in honor of Denis Goulet (University of Notre Dame Press, Notre Dame, 2010, 512 p.).

25. Öğüt Eker G. Modern Hayatin yeniden kurgulanan gelenekleri hollanda Queen's day festivali [Reconstructed traditions of modern life queen's day festival in the Netherlands], Milli Folklor, 111. 136-148 (2016). [in Turkish]

26. Brightman H.J. Differences in ill-structured problem solving along the organizational hierarchy, Decision Sciences, 9(1), 1-18 (1978).

27. Nassimov M.O. Ultyq qurylystyn mani zhane negizgi tusinikteri [Essence and basic concepts of nation-building], L.N. Gumilev atyndagy EUU Habarshysy. Sajasi gylymdar. Ajmaqтанu. Shygystanu. Turkitanu serijasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political science. Regional studies. Oriental studies. Turkology Series], 2(143). 70-81(2023). [in Kazakh]

28. Kušić S., Vrcelj S. In search for the pedagogy (studies) identity: The Croatian context, Sodobna Pedagogika/Journal of Contemporary Educational Studies, 68(1), 126-142 (2017).

29. Sherif M. Social interaction: Process and products (Routledge, London, 2017, 512 p.).

30. Chan K.-B., Vivien Chan W.-W. Return migrants in Hong Kong, Singapore and Israel: Choices, stresses and coping (Springer Cham, 2022, 201 p.).

31. Bouchet N. The democracy tradition in US foreign policy and the Obama presidency, International Affairs, 89(1), 31-51 (2013).

32. Bučas J. Democracy outbreaks in heritage preservation, Town Planning and Architecture, 30(3), 143-158 (2006).

33. Yun-Shik C., Seok H.-H., Baker D.L. Korea confronts globalization, (Routledge Taylor & Francis Group, 2008, 278 p.).

34. Egorychev A.M. National spiritual traditions in the formation of the Russian system of education, Russian Education and Society, 53(5), 12-22 (2011).

35. Šarčević I. Intelektualac između fanatizma i cinizma [Intellectual between fanaticism and cynism], Filozofska Istrazivanja [Philosophical Investigations], 36(2). 289-309(2016). [in Croatian]

36. Leschinskaya V.V. Tehnologicheskij progress i problema gumanizacii obshhestva [Technological progress and the problem of humanization of society in the context of the formation of ecological culture], Voprosy Filosofii [Questions of Philosophy], 10, 199-205(2017). [in Russian]

37. Alymov S. Aktivizacija «chelovecheskogo faktora»: «zastojnye» korni neoliberal'noj subektivnosti? [“Activating the human factor”: The Late-Soviet roots of neoliberal subjectivity?], Antropologicheskij Forum [Anthropological Forum], 37. 54-92(2018). [in Russian]

38. Bradley G.E. The good ICT society: From theory to actions (Routledge, London, 2017, 154 p.).

39. Kornev A.V., Lipen' S.V., Zenin S., Tanimov O.V., Glazunov O.N. Information and communication technologies in the main types of legal activity, Relacoes Internacionais no Mundo Atual, 4(37), 654-668 (2022).

40. Cañedo Andalia R. Virtual center for medical learning and research, Revista Cubana de Informacion en Ciencias de la Salud, 25(2), 220-233 (2014).

M.O.Nassimov

*Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

Principles determining the direction and content of traditional and innovative values

Abstract. The continuous change in the value orientations of members of society sets the task of studying this process. Until now, the principles that determine the direction and content of traditional and innovative values in political science have not been subjected to critical analysis. Therefore, we consider it is relevant to determine the ratio of traditional and innovative values in the dynamics of changes caused by the conditions of globalization in modern research. The theoretical analysis used dialectical, comparative-historical, structural-functional, deductive, and inductive methods of analysis. The main purpose of this article is the political science systematization of the principles that determine the direction and content of traditional and innovative values. To achieve the purpose, we set the task of determining the meaning of the proposed principles by arguing the essence of the concepts of traditional and innovative values. Fundamentalization, standardization, humanization, democratization, and informatization were adopted as the main principles. In the introduction, we defined the basic concepts of traditional and innovative values and outlined the formulation, purpose, and history of the problem under study. The discussion and results part is divided into 5 subsections, and we have proved the foundations of the principles presented in each subsection. We came to the conclusion that in a society where political modernization and continuous political reforms take place, a social space is being formed where traditional and innovative values coexist.

Keywords: traditional and innovative values, globalization, fundamentalization principle, standardization principle, humanization principle, democratization principle, informatization principle.

М.О.Насимов

*Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан*

Принципы, определяющие направления и содержание традиционных и инновационных ценностей

Аннотация. Непрерывное изменение ценностных ориентаций членов общества ставит задачу исследования данного процесса. До сих пор не подвергались критическому анализу принципы, определяющие направления и содержание традиционных и инновационных ценностей в политической науке. Поэтому мы считаем актуальным определение соотношения традиционных и инновационных ценностей в динамике изменений, вызванных условиями глобализации, в современных исследованиях. При теоретическом анализе использовались диалектический, сравнительно-исторический, структурно-функциональный, дедуктивные и индуктивные методы анализа. Основная цель данной статьи - политологическая систематизация принципов, определяющих направления и содержание традиционных и инновационных

ценностей. Для реализации цели ставим задачи определения смысла предлагаемых принципов путем аргументации сущности понятий традиционных и инновационных ценностей. В качестве основных принципов были приняты фундаментализация, стандартизация, гуманизация, демократизация и информатизация. Во введении мы определили основные понятия традиционных и инновационных ценностей, обозначили постановку, цель и историю исследуемой проблемы. Часть обсуждения и результатов разделена на 5 подразделов, и мы доказали основы принципов, представленных в каждом подразделе. Мы пришли к выводу, что в обществе, где происходят политическая модернизация и непрерывные политические реформы, формируется социальное пространство, где сосуществуют традиционные и инновационные ценности.

Ключевые слова: традиционные и инновационные ценности, глобализация, принцип фундаментализации, принцип стандартизации, принцип гуманизации, принцип демократизации, принцип информатизации.

Автор туралы мәлімет:

Насимов М.Ө. – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институтының директоры, құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасының профессоры, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан; философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Nassimov M.O. – Candidate of Political Science, Associate Professor, Director of Bolashak Research Institute, Professor of Department Jurisprudence and Social Disciplines, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan; Associate Professor of Department of Philosophy and Social and Humanitarian Disciplines, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).